



ДАМУ ЖОСПАРЫ

"7M07227 – Маркшейдерлік іс" білім беру бағдарламасы

1. Жалпы мәліметтер

"7M07227 – Маркшейдерлік іс" білім беру бағдарламасы Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес әзірленген, Дублин дескрипторларымен және Еуропалық біліктілік шеңберімен үйлестірілген. Ол жалпы мәдени және кәсіби құзыреттерді қалыптастыратын пәндерді модульдік жүйе негізінде оқытуға бағытталған.

"7M07227 – Маркшейдерлік іс" білім беру бағдарламасының ерекшелігі – мамандарды минералды шикізатты кешенді өңдеу, көмірсутектерді өндіру, өнеркәсіптік нысандар мен метро құрылысы сияқты жоғары сұранысқа ие салаларда дайындау. Бағдарлама дәстүрлі маркшейдерлік технологияларды кеңістіктік талдау мен 3D модельдеудің заманауи цифрлық әдістерімен үйлестіреді, бұл түлектерге еңбек нарығында бәсекелестік артықшылық береді.

Оқу үрдісі геодезиялық және маркшейдерлік заманауи технологияларды, автоматтандырылған мониторинг жүйелерін және геокеңістіктік деректерді басқаруды меңгеруді қамтиды. Практикалық бағытталған тәсіл студенттерге алған білімдерін нақты өндірістік жағдайларда қолдануға және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен аумақтарды тұрақты дамыту үшін инновациялық шешімдерді енгізуге мүмкіндік береді.

2. Білім беру бағдарламасын жоспарлау

"7M07227 Маркшейдерлік іс" ББ білім беру бағдарламасын жоспарлау және басқару Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың басым бағыттары мен стратегиялық мақсаттары негізінде жүргізіледі (<https://official.satbayev.University/ru/university/mission-strategy>) және О.А. Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институтының стратегиялық бағыттары мен қызметтің негізгі көрсеткіштері (<https://official.satbayev.university/ru/mining-metallurgy>).

3. ББ дамуының мақсаты

Маркшейдерлік іс және геокеңістіктік цифрлық технологиялар саласындағы жоғары білікті ғылыми-техникалық және инженерлік кадрларды даярлау, магистрлік деңгейдегі құзыреттерді дамытуға бағыттау.

4. ББ-ның міндеттері

1. Маркшейдерлік іс және геокеңістіктік технологиялар саласындағы, соның ішінде зерттеу әдістерін таңдау, бар әдістерді жетілдіру және нақты зерттеу шеңберінде жаңа әдістерді әзірлеу бойынша ғылыми-зерттеу және жобалық қызметке мамандарды даярлау.

2. Жергілікті деңгейде жаңа цифрлық әзірлемелерді енгізуді қамтамасыз ететін өндірістік-технологиялық қызметке мамандарды дайындау.

3. Өзіндік қызмет саласы бойынша білімді интеграциялау негізінде кәсіби міндеттерді шешу үшін қажетті жаңа ақпаратты іздеу және алуға мамандарды дайындау, сондай-ақ кәсіпорын немесе ұйым қызметіне белсенді қатысу.

4. Кәсіби ортада және маман еместер аудиториясында ғылыми-ақпараттық, идеологиялық және проблемалық коммуникацияларға дайындық, өз ұстанымын анық әрі терең негіздеу, ұйымдастырушылық-басқарушылық және сервистік қызметпен айналысу, өз кәсіби шешімдері үшін жауапкершілікті сезіну.

5. Ғылыми немесе кәсіби қызметтің бүкіл кезеңінде өзін-өзі оқыту және біліктілікті үздіксіз арттыруға дайындық.

2023-2026 жылдарға арналған білім беру (оқу жұмысы, оқу - әдістемелік жұмыс), ғылыми (ғылыми-зерттеу жұмысы, ғылыми-білім беру жұмысы, ғылыми-әдістемелік жұмыс) және ұйымдастыру-басқару қызметін дамыту және жетілдіру жөніндегі іс-шаралардың перспективалық жоспары

Іс-шара мазмұны	Жауапты орындаушылар
Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын әзірлеу бойынша жұмыс тобы мен комиссия құру	Институт директоры, Кафедра меңгерушісі, ОПҚ
Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының мақсаттары мен міндеттерін анықтау	Институт директоры, Кафедра меңгерушісі, ОПҚ
Білім беру нарығын зерттеу және талдау	Институт директоры, Кафедра меңгерушісі, ОПҚ
Білім беру бағдарламасын тиімді орналастыру	Институт директоры, Кафедра меңгерушісі, ОПҚ
Бағдарлама мазмұнын жаңарту және жетілдіру	Институт директоры, Кафедра меңгерушісі, ОПҚ
Материалдық-техникалық базаны нығайту	Институт директоры, Кафедра меңгерушісі, ОПҚ

Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын күшейту	Қабылдау комиссиясы, Дирекция, Кафедра меңгерушісі, ОПҚ
Бизнес серіктестерді оқу процесіне тарту	Кафедра меңгерушісі, ОПҚ
Цифрлық интерактивті оқыту форматтарын әзірлеу	Кафедра меңгерушісі, ОПҚ
Инновациялық білім беру технологияларын енгізу	Институт директоры, Кафедра меңгерушісі, ОПҚ
Электрондық оқу материалдарын қамтамасыз ету	Институт директоры, Кафедра меңгерушісі, ОПҚ
Халықаралық конференцияларға қатысуды қамтамасыз ету	Институт директоры, Кафедра меңгерушісі, ОПҚ
Геотехника саласында зертханалар ашу	Институт директоры, Кафедра меңгерушісі, ОПҚ
Оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру	Институт директоры, Кафедра меңгерушісі, ОПҚ
Қауіпсіз және жайлы жағдайларды қамтамасыз ету	Дирекция, Кафедра меңгерушісі
Кәсіби сертификаттау үшін қауымдастықтармен жұмыс	Оқу-әдістемелік кеңес, Дирекция, Кафедра меңгерушісі
Корпоративтік мәдениетті дамыту	Институт директоры, Кафедра меңгерушісі, ОПҚ

МДиГ кафедрасының отырысында 2022 жылғы "20" қыркүйектегі № 3 хаттама қаралды.

МІЖГ кафедра меңгерушісі



Орынбасарова Э.О.